



**Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарын шаруашылық тауарларымен және басқа да мүлікпен қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 97/ке бұйрығы

"Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 84-бабының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарын шаруашылық тауарларымен және басқа да мүлікпен қамтамасыз ету нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қызметінің Экономика және қаржы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары 10-тармағының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері мен қызметкерлері таныстырылсын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Комитет Төрағасы*

*ұлттық қауіпсіздік генерал-лейтенанты*

*Е. Сағымбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

2024 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті Төрағасының  
2024 жылғы 1 шілдедегі  
№97/ке бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарын шаруашылық тауарларымен және басқа да мүлікпен жабдықтау нормалары**

Р/с №	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Қызмет ету мерзімі	Қолдану аймағы
1	Еден жууға арналған құрал	литр	1	1 ай	үй-жайдың 1 тазалаушысына
2	Кір сабын	дана (200 граммнан кем емес)	1	1 ай	
3	Сепкіші бар жиһазды тазалауға арналған құрал	кұты ( 3 0 0 миллилитрден кем емес)	1	3 ай	
4	Дезинфекциялауға арналған құрал	банка (300 таблеткадан кем емес)	1	3 ай	
5	К і л е м бұйымдарын тазалауға арналған құрал	бөтелке ( 5 0 0 миллилитрден кем емес)	1	6 ай	
6	Шыны және айна беттерін тазалауға арналған құрал	бөтелке ( 5 0 0 миллилитрден кем емес)	1	3 ай	
7	Қоқысқа арналған пакеттер (30 литр)	орам (30 данадан кем емес)	4	1 ай	
8	Қоқысқа арналған пакеттер (60 литр)	орам (20 данадан кем емес)	3	1 ай	
9	Шүберек	метр	2	1 ай	
10	Резеңке қолғап	жүп	2	1 ай	
11	Щеткасы бар қоқысқа арналған қалақша	жиынтық	1	1 жыл	
12	Саптамасы бар швабра	жиынтық	1	6 ай	
13	Швабраға арналған саптама	дана	1	3 ай	
14	Шаң тазалауға арналған шүберек	дана	1	1 ай	

15	Жұмысшыларға арналған арнайы киім	жиынтық	1	1 жыл	1 техникалық қызмет көрсететуді қамтамасыз ететін жұмысшыға
16	Ауа сергіткіш	күты (300 миллилитрден кем емес)	1	2 ай	1 санитарлық торап бөлмесіне
17	Унитаз тазалауға арналған құрал	бөтелке (500 миллилитрден кем емес)	1	1 ай	
18	Раковина тазалауға арналған құрал	банка (450 граммнан кем емес)	1	1 ай	
19	Қағаз орамал	орам	10	1 ай	электр орамалмен жабдықталмаған 1 санитарлық торап бөлмесіне
20	Сұйық сабын	миллилитр	200	1 ай	1 раковинаға
21	Дәретхана қағазы	орам	10	1 ай	1 унитазға